


Тақырыбы: Ч. Дарвиннің ЭВОЛЮЦИЯЛЫҚ ІЛІМІ



Эволюциялық ілім түсінігі

- Тірі табиғаттың тарихи даму жолыдары, оның қозғаушы күштерін айқындап көрсететін эволюцияның ғылыми теориясын ағылшын жаратылыс зерттеушісі Чарльз Дарвин құрастырды. Дарвиннің эволюциялық ілімінің қалыптасуына сол кездегі бірқатар қоғамдық эволюциялық жағдайлар мен ғылыми мәліметтер қозғау салды. Англияда ғасырдың алғашқы жартысында өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының қарқынды дамуы ғылымның дамуына жол ашты. Жергілікті мамандар қолдан сұрыптау үй жануарларының жаңа қолтұқымдары порода мен өсімдіктің жоғары өнімді іріктемелерін сорт шығара бастады. Мұндай жаңа формалардың алынуы тірі организм түрлерінің тұрақты емес, өзгертіндігін дәлелдеді.

Ұлы ғалым туралы бірер сөз

- Дарвиннің эволюциялық ілімінің қалыптасуына бұл мәселелермен қатар оның табиғат зерттеушісі ретінде 5 жылға созылған Жер шарын айналу саяхатында өз көзімен көріп, жинақтаған материалдары негіз болды.
- Чарлиз Роберт Дарвин 1809 жылы дүниеге келген. Ол 1831 жылы табиғат зерттеушісі ретінде Жер шарын айналу саяхатына шығады.

Саяхаттары мен ашқан жаңалықтары


□ Саяхат кезіндегі байқауларына байланысты Дарвин «түрлер өзгермейді» деген пікірге күмәндана қарап, оның дүниені тануға басқаша көзқарасы қалыптаса бастайды. Оңтүстік американың жер қабаттарынын табылған енжар аң қаңқасының қазір де сол жерде тіршілік ететін түр дараларының қаңқасына ұқсайтынын анықтап, «олардың тусытығы бар деген болжам жасайды. Дарвин үшін Галапагос аралдарынан жиналған материалдардың орны ерекше болды. Мұнда бұрын еш жерде кездеспеген кесіртке, тасбақа және құстардың түрлері табылды.

□ Олардың оңтүстік америкалық түрлерге біршама жақындығы да байқалды.

Аралдардағы қуанақ түрлері тұмсықтарының құрылысымен ерекшеленеді. Өйткені олардың бірі-қатты тұқыммен, екіншісі-жәндіктермен, ал үшінші біреулері-гүлдің шырынымен қоректенеді. Ендеше: «Бұл қуанақтарды Құдай әр аралға бейімдеп жаратты деп айту орынсыз болар. Олардың ататегі америка материгіндегі қуанақтың бір түрі болуы мүмкін, тек қорек заттарына қарай бейімделе келе тұмсықтары өзгерген» деп болжам жасайды.

Табиғи сұрыптаудың пайда болуы

- Саяхат кезінде жинаған материалдарына талдау жасап, қорытындылау нәтижесінде, 1859 жылы дүние жүзіне әйгілі болған «Табиғи сұрыптау жолымен түрлердің пайда болуы» деген еңбегі жарыққа шығарды. Дарвин бұл еңбегінде органикалық дүниенің органикалық заңдылықтарын түсіндіретін эволюциялық теорияны жариялайды.



□ . Ол 1868 жылы шыққан «Үй хайуанаттары мен мәдени өсімдіктердің өзгеруі» деген кітабында: «Тірі организмдер үнемі өзгерісте болады, оған адамның өзіне пайдалы қолтұқымдар мен іріктемелер шығаруы дәлел» дейді. 1871 жылы «Адамның шығу тегі және жыныстық сұрыптау» деген еңбегінде Дарвин адамның жануарлар дүниесіндегі орнын дұрыс көрсетіп береді.

□

Қолдан сұрыптау



Көгершіннің қолтұқымдары: 1 — жабайы көк кептер;
2—8 — үй көгершіндерінің қолтұқымдары

Органикалық дүниенің тарихи даму заңдылықтарын ашуда Дарвин, ең алдымен, үй хайуанаттары мен мәдени өсімдіктердің көптүрлілігіне назар аударады. «Мұндай көптүрлілік қалай пайда болады?» деген сұрақ оны қатты ойландырады.

-
- Кейбір мәліметтерге қарағанда, адам өте ертеден – ақ тұқым алып, көбейту үшін, жануарлар мен өсімдіктердің мол өнімді немесе басқа да жағымды қасиеттері бар түрлерін сақтап қалып отырған. Ол қасиеттер тұқым қуалау нәтижесінде ұрпақтан – ұрпаққа беріліп адамға пайдала белгілері бар жануарлардың жаңа қолтұқымдары мен өсімдіктердің іріктемелері алынған.

Сұрыпtudың түрлері

- Дарвин жасанды сұрыптаудың нәтижесі деп, тауып, оның 2 формасын анықтайды, олар:
- **мақсатсыз**
- **әдістемелік сұрыптау**
- **Мақсатсыз сұрыптау** адамзат тарихында мыңдаған жылдартдан бері жүргізіліп келеді. Мұнда адам үй хайуанаттарының етті және сүттілерін тұқымдшыққа алып, өсіріп отырған. Сол сияқты өсімдіктер де дөндері, жемістері ірілерін таңдап алып, егуге пайдаланған. Осындай сұрыптаудың нәтижесінде күні бүгінге дейін жануарлар мен өсімдіктердің жағымды қасиеттері бар алуан түрлі формалары сақталып келеді.

- **Әдістемелік сұрыптау** кезінде адам саналы түрде алдын мақсат қойып, арнайы бір бағытқа сай қолтұқым немесе іріктеме шығаруды көздеп, сұрыптау жүргізеді.
- Қолдансұрыптау нәтижесінде ататегі бір жабайы организмдерден адамның талабына сай өзгертілген тұқымдар мен іріктемелер алынды. Олар бірте – бірте ататегіне және өзара ұқсамайтын жаңа формаларға айналады.



**Назарларыңызға
рахмет!!!**